

және ұлттық қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Сондықтан мұндай қылмыстармен күрес тек құқық қорғау органдарының міндеті емес — бұл мемлекет, қоғам және әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі.

Бүгінгі таңда басты мақсат – технологияны шектеу емес, оны қауіпсіз әрі жауапкершілікпен қолдану мәдениетін қалыптастыру. Қылмыстық заңнаманы жетілдіру, цифрлық сауаттылықты арттыру, халықаралық ынтымақтастық пен киберқауіпсіздік инфрақұрылымын дамыту- осы бағыттағы негізгі басымдықтар болып табылады. Шын мәнінде, цифрлық кеңістіктегі қауіпсіздік тек техникалық қорғаныс жүйелеріне емес, адамның сана деңгейіне және құқықтық мәдениетіне байланысты. Егер әрбір азамат өз ақпараттық мінез-құлқына саналы түрде жауап беруді үйренсе, цифрлық қылмыстардың алдын алу әлдеқайда тиімді болар еді.

Сондықтан ХХІ ғасырдағы басты міндет – технологиялық прогресс пен құқықтық жауапкершілікті үйлестіре отырып, қауіпсіз және сенімді цифрлық қоғам құру.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылғы 3 шілде № 226-V. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
2. «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 2013 жылғы 21 мамыр №94-V. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000094>
3. ҚР Үкіметінің «Қазақстанның киберқалқаны» тұжырымдамасы туралы қаулысы. 2017 ж. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000407>
4. ҚР ПИМ ресми деректері, 2021 ж. Киберқылмыстар статистикасы. <https://www.gov.kz/memleket/entities/maidd/press/news/details/765931>
5. KZ-CERT ұлттық тобының есебі, 2024 ж. [https://aifc.kz/wp-content/uploads/2024/09/aifc\\_kaz\\_final-1.pdf](https://aifc.kz/wp-content/uploads/2024/09/aifc_kaz_final-1.pdf)
6. Сот сараптамасы институтының «Цифрлық дәлелдемелерді пайдалану» әдістемелік нұсқаулығы, 2023 ж. [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000261\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000261_)
7. ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің есебі, 2024 ж. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400034739>
8. Eurasian Research Institute. “Cybersecurity Trends in Kazakhstan”. 2025 ж. <https://www.nucamp.co/blog/coding-bootcamp-kazakhstan-kaz-kazakhstan-cybersecurity-job-market-trends-and-growth-areas-for-2024>

## **БҰЛТАРТПАУ ШАРАЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ**

Абзалбекова М. Т. Қылмыстық құқық, процесс және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы,  
Заң ғылымдарының магистрі

Болат Д.Б. Оңтүстік Шығыс ПБ тергеу бөлімшесінің тергеушісі, полиция лейтенанты

Нариманқызы Н. Соттық және прокурорлық қызмет білім беру бағдарламасының 3 курс студенті

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

Қазақстан Республикасының қылмыстық процесіндегі бұлтартпау шарасын құқықтық реттеу саласындағы ғылыми зерттеулердің ең негізгі бағыты болып келесідей маңызды сұрақтарды жүзеге асырылуы табылады. Қылмыстық іс жүргізу барысында құқықтық және заңдылық тәртіптің сақталуы қылмысты ашудың тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі алғышарттардың бірі. Себебі дәл осы қағидатты ұстану құқықтық мемлекет құрудың іргетасын қалау болып табылады. Заңдылық пен тәртіп сақталуы әділ шешім шағырудың басты кепілі.

Қылмыстық іс жүргізу басталғаннан сәттен бастап, ақиқатты ту етіп, кінәлі тұлғаны жауапкершілікке тарту, ал кінәсіз адамды кінәсіздік презумпциясына негізінде ақтап алу заңдылықтың басты белгісі. Осы сәтте қылмыстық іс жүргізу барысында бұлтартпау шаралары маңызды орын алады. Сот әділдігін қамтамасыз етіп, субъектілердің негізгі құқықтарын қорғайды.

Қылмыстық процестегі бұлтартпау шаралары – күдікті немесе айыпталушының іс жүргізуден жалтармауын, әділ сот талқылауын қамтамасыз етуге бағытталған қылмыстық іс жүргізу мәжбүрлеуінің

түрі. Қазақстан Республикасының азаматтарының, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың Қазақстан Республикасы Конституциямен әрекет етіп жатқан заңдармен белгіленген, олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға қолайлы жағдайды тудыру болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы адам құқығы мен бостандықтары туралы Халықаралық құжаттардың негізгі идеяларын мен қағидаларын қабылдауы және оны мемлекеттің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып нығайту. Сонымен қатар, ата заңымызға сүйене отырып тергеуші, анықтаушы, прокурор, сот айыпталушыға, сезіктіге оларды қылмыскер деп санамай өздерінің адамгершілігін, моральдық этикасын негіздей отырып тұлғаның жасына, жынысына, отбасылық жағдайын және т.б. ескере отырып бұлтартпау шарасын қолдауда бұл мәселелерді жан-жақты толық объективті түрде зерттеп, қорытынды жасауымыз қажет. Өйткені бұлтартпау шарасын қолдануда көбінесе дұрыс мән бермеуі салдарымен тұлғаның Конституциялық тұрғыдан берілген құқықтары мен бостандықтары, заңды және жеке мүдделерінің бұзылуына әкеп соғады.

Бұлтартпау шарасы бұл арнайы превентивті-ескерту амалы, қылмыстық өндірістің мүддесін қорғайтын институт. Оның басты мақсаты - қылмыстық іс бойынша шындықты кедергісіз анықтау, кінәлінің жауапкершілігін қамтамасыз ету мен оның қылмыстық байланыстарымен араластыруы үшін, қылмыстық әрекетін қайта жалғастырмауын алдын-алуға бағытталған.

Мәжбүрлеу шараларын, соның ішінде бұлтартпау шараларын жүзеге асыру адамдардың жеке басының бостандығын және өзге де құқықтарын шектеуге соқтыратын болғандықтан, ол шараларды қолдану заңдылық принципін қатаң сақтауды талап етеді. Сонымен қатар, ҚР Конституциясы мен Қылмыстық іс жүргізу заңында көзделген басқа да принциптер сақталуға тиісті, соның ішінде, тұлғаның жеке басына тиіспеушілік, қадір-қасиетін құрметтеу, кінәсіздік презумпциясы тағы да басқа принциптер. Кінәсіздік презумпциясына сәйкес сот үкімі шыққанға дейін сезікті айыпталушы тұлға кінәсіз болып есептеледі. Сондықтан, тұлғаға бұлтартпау шарасын қолданған кезде осыны еске сақтау іс жүргізуші органның негізгі міндетінің бірі болып табылуы қажет. Әсіресе, тұлғаны қамауға алу; үйде қамап ұстау, әскери қызметшісін әскери командованиесіне беру шараларын қолданған кезде. Кінәсіз тұлғаға бұлтартпау шарасының қолданылуы, шараның ауырлығы ескерілмеген жағдайда да, мықты моральдық зиян келтіреді; оның қадір-қасиетіне зиянын тигізуі мүмкін. Сондықтан, кез келген тұлғаға бұлтартпау шарасын қолданған кезде, оның қадір-қасиеті құрметтеуге тырысу міндетті жағдай болып саналады, себебі бұлтартпау шарасы, алдын ала тергеу кезінде, іс қозғалғаннан бастап қолданылады, ал тұлға, соттың үкімімен ғана кінәлі деп табылуы мүмкін. Сонымен, қылмыстық іс жүргізуді реттейтін принциптер, бұлтартпау шарасын әділ, дұрыс қолданудың кепілдігі болып табылады.

Сондай жағдайда бұл қылмыстық-процессуалдық заңның әділеттілігіне, дұрыстылығына, заңдылығына кепіл бола алады.

Бұлтартпау шарасы - бұл мәжбүрлі түрде әсер етудің тәсілі ретінде айыпкерге, ал қажет болған жағдайда сезіктіге қолданылатын және қылмыстық істі жүзеге асыру мақсатында кедергі келтіретін теріс қылықты болдырмау үшін қолданылатын заңды шара (істің барлық мән-жайларын анықтау, заңды дұрыс қолдану, қылмыстық теріс қылық жасағандарды жазалау және заң бұзушылық жасамағанды жазалауға жол бермеу).

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 136-бабының 1-тармағына сәйкес: «Күдікті, айыпталушы қылмыстық қудалау органдарынан немесе соттан жасырынып жүр не істі объективті тергеп-тексеруге немесе сотта талқылауға кедергі келтіреді не қылмыстық әрекетпен айналысуды жалғастырады деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған кезде, сондай-ақ қылмыстық процесті жүргізетін орган үкімнің орындалуын қамтамасыз ету үшін өз өкілеттіктері шегінде осы адамдарға осы Кодекстің 137-бабында көзделген бұлтартпау шараларының бірін қолдануға құқылы» [1].

Яғни, бұлтартпау шарасы – қылмыстық іс жүргізу барысында айыпталушыға немесе күдіктіге қолданылатын заңмен көзделген мәжбүрлеу шарасы болып табылады. Мұндай шараны қолдану үшін, ең алдымен, тұлғаның тергеу мен сот процесіне кедергі келтіруі, не үкімнің орындалуынан жалтаруы мүмкін деген жеткілікті негіздердің болуы шарт.

ҚР Конституциясында белгіленгендей, Қазақстан азаматтары, сондай-ақ азаматтығы жоқ және шетел азаматтары жеке тұлға ретінде тең құқықтарға ие. Бұл қағида жынысына, тегіне, әлеуметтік немесе материалдық жағдайына қарамастан, баршаға бірдей қолданылады. Сондықтан бұлтартпау шараларын қолдану кезінде де заң алдындағы теңдік және әділдік принциптері басшылыққа алынады.

Процессуалдық әдебиеттерде бұлтартпауды таңдауда тұжырымдардың бәрін қарағанда айыпкердің жеке басын, шұғылданатын кәсібін, жұмысын, семьялық жағдайын және тағы басқа бұлтартпау шарасын қолданбауға негіз болмайтын жағдайларды ескеру керек дейді.

Өз сипатына, тағайындалуына және қолданылатын адамға бұлтартпау шарасы, екіншісі - басқа да процессуалдық мәжбүр ету шаралары.

Бұлтартпау шарасын кез келген қылмыстық іс үшін қолдана беру міндетті емес. Бұлтартпау шарасын қолдану - тергеушінің еркіне жатады, оның міндеттілігі болмайды.

Бұлтартпау шарасының жүйесі тергеушіге оны нақтылап тандап қолдану кезінде қылмыстың ауырлығын, айыптының жеке басын және тағы бірқатар жағдайларды ескеруге мүмкіндік береді. Қадағалау жүргізген кезде прокурор мынаны ескеру қажет. Кез келген бұлтартпау шарасын қолдану азаматтың белгілі бір жеке бостандығын шектейді. Сондықтан ол қажет жағдайларда қолданылады.

Тергеуші немесе анықтама жүргізуші адам жасырынған адамға қатысты бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алуды қолдануы мүмкін. Жедел-іздістіру жүргізу шаралары анықтама жүргізу кезінде немесе алдын-ала тергеуде іс қаралған кезде, сонымен қатар, іс уақытша тоқтатылған кезде де жариялануы мүмкін. Жедел іздістіру жұмысына қадағалауды прокурор жүргізіп отырады.

Айыпкердің тұрақты тұрғылықты жері немесе тұрақты жұмысы болмағандықтан оған бұлтартпау шарасын жасырынып кетпеуі үшін қолданамыз; оның бұрын сотталғандығын, қылмыстық байланысы бар екенін, қылмыс жасағаннан кейін қоғамға қарсы теріс қылық жасауын, өзінің іс әрекетіне есеп бермеуі айыпкердің қылмыстық әрекеттерді жасауына негіз болуы мүмкін; істің ақиқатын анықтауға қауіпті төндіруді, - куәларды, жәбірленушіні, басқа айыпкерді сатып алуға, қорқытуға немесе басқа жолмен өзіне қаратып өтірік жауап айтқызуға, айғақ заттарды жойып жіберуге немесе жалғандық жасауына, эксперттерге ықпал етуге және тағы басқа тәсілдерден тұрады.

Мәжбүрлеу шараларын қолдану кезінде ең алдымен адам мен азаматтың Конституциялық құқықтық мәртебесін басшылыққа алу қажет. Яғни, жеке тұлғаның жеке басына қол сұғылмаушылық, оның арнамысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, сондай-ақ құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуге жол бермеу қылмыстық іс жүргізу кезіндегі басты қағидаттың бірі болып табылады. Сонымен қатар, бұл үдерісте кінәсіздік презумпциясы қағидасын сақтау аса маңызды. ҚР Конституциясына сәйкес соттың заңды күшіне енген үкімі шыққанға дейін әрбір тұлға кінәсіз болып есептеледі. Сондықтан мәжбүрлеу шараларын қолдану кезінде адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау – құқықтық мемлекеттің басты міндеті әрі әділ сот төрелігінің негізгі көрсеткіші болып табылады.

З.Ф.Коврига айтуы бойынша, «Мемлекеттік ықпал ету әдісі ретінде қылмыстық-процестік мәжбүрлеу қылмыстық істі тергеу және қарау барысында туындайтын кедергілерді жоюға немесе қылмыстық істі сәтті тергеу және қарау үшін жағдайларды мәжбүрлі түрде қамтамасыз етуге бағытталған қылмыстық-процестік қызметтің бір түрі ретінде көрінеді», - дейді [2; 87].

Қылмыстық процесте айыпталушыға бір мезгілде екі немесе одан көп бұлтартпау шарасын қолдану заңмен тыйым салынады. Күдіктінің мінез-құлқын бақылау үшін ҚР ҚПК-ның 140-бабының 3-тармағында нақты талаптар белгіленген:

- Тергеп-тексеруші немесе прокурордың рұқсатынсыз тұрғылықты жерінен кетуге тыйым салынған;
- Жұмыс орны өзгерген жағдайда прокурорға немесе тергеп-тексерушіге дер кезінде хабарлау қажет;
- Белгілі бір адамдармен араласуға және кейбір орындарға баруға тыйым салынуы мүмкін;
- Егер емделу қажет болса, тексеріс органымен келісілген емделу курсы мен өту міндетті;
- Электрондық бақылау құралын (электрондық білезік) қолдану — ең маңызды талаптардың бірі.

Бұл құрал оңай шешілмейді және арнайы техника ретінде қарастырылады.

Осы талаптар күдіктінің немесе айыпталушының қылмыстық іс жүргізу кезінде мінез – құлқын реттеп, сот ісін кедергісіз жүргізуге бағыттылған.

Бұлтартпау шарасын қолдануды шешкен кезде тергеуші қылмыстың ауыртпалығын; тергеу мен соттан жасырынып кетпеуін; қылмыстық іс бойынша ақиқатты анықтауға кедергі жасайтындығын; қылмыс жасаумен шұғылдана беретіндігін немесе үкімнің орындалуына кедергі келтіретіндігін ескереді. Сонымен қатар, оның жеке басын (айыпкердің, сезіктінің), шұғылданатын кәсібін, жасын, денсаулығын, семьялық жағдайын, тұрғылықты жерін және т.б. ескереді.

Бұлтартпау шарасын қолдануға жеткілікті себептер және мақсаты болса, яғни бұларға жету қажет болғанда, тергеуші, анықтама органы және соттың бұлтартпау шарасын қолдануы тек құқығы ғана

емес, міндеттілігіне де жатуы мүмкін.

Бірнеше құқықтық шарттарды сақтай отырып бұлтартпау шарасын қолдануға негіз болады.

Біріншіден, бұлтартпау шарасы тек қылмыстық іс қозғалғаннан кейін ғана қолданылуы мүмкін. Бұл адамға қол тигізбеу құқығына кепіл болады және оны негізсіз, еріксіз қамауға да және басқа да мәжбүр ету шараларын қолданбауға кепіл болады.

Екіншіден, бұлтартпау шарасы қылмыстық жазаға қарағанда жеңілдеу болу керек. Егер қылмыстық кодекстің санкциясында бас бостандығынан айыру екі жылдан аспаса, онда бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алуды қолдануға рұқсат етілмейді.

Үшіншіден, кез келген бұлтартпау шарасын қолданудың шарты адамды айыпкер немесе сезікті ретінде тарту.

Бұлтартпау шарасы жазалау шарасынан біраз белгілері бойынша ажыратылады:

1) бұлтартпау шарасы айыпкер, сезіктіге қолданылады, ал жазалау шарасы соттың үкімімен қылмыс жасады деп айып тағылған адамдарға қолданылады;

2) бұлтартпау шарасының мақсаты жазалау шарасынан өзгеше. Мұнда бұлтартпау шарасының мақсаты - айыпкерге тергеу органы мен сотқа кепіл тұратын процессуалдық әрекетін қамтамасыз ету. Жазалау шарасы жасаған қылмысы үшін сазайын тарту арқылы, оны түзеу жолына қою және тәрбиелеу мақсатын көздейді және сотталушының жана қылмыс жасамауын ескерту;

3) жазалау шарасы тек үкім арқылы қолданылады, ал бұлтартпау шарасы анықтама жүргізуші мен тергеушінің, прокурордың қаулысы немесе соттың шешімі бойынша тағайындалады;

4) бұлтартпау шарасы уақытша ғана болады және ол өзгертілуі немесе тоқтатылуы мүмкін анықтама мен тергеу жүргізу стадиясында және соіта іс қаралым жатқан кезде, ал үкім егер заңды және рәсімделген болса, онда өзгеріске жатпайды [3; 87].

Сонымен бәрін жинастырсақ бұлтартпау шаралары деген – бұл заңмен белгіленген мемлекеттік (процессуалдық) мәжбүрлеу шарасы, айыпталушының (сезіктінің) жеке бостандығын, жеке кепілдіктен, оны тиісті мекемелерде қадағалау арқылы айыпталушының анықтама, тергеу, соттан қашып кетпеуі, тиісті рұқсатынсыз тұрғылықты жерден кетпеуін, іс бойынша шындықты анықтау үшін оны ескерту, қылмыс жасауды алдын-алу, оны жасауға кедергі үшін, тәртібін дұрыстауды қамтамасыз ету, уақытылы шақыру бойынша тергеу, сот, прокурорға келуін қамтамасыз ету және де үкімнің орындалуы үшін қолданылатын шаралар.

Бұлтартпау шаралары – бұл мемлекеттің (процессуалдық) мәжбүрлеу шарасы дегенімізде, бұл жерде осы шараны қолдануға құқығы бар мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар өздерінің қылмыстық-процессуалдық құзыретін жүзеге асыру барысындағы, яғни алдын-ала тергеу мен қылмыстық істер бойынша сот өндірісі сатысында қолданылады. Бұлтартпау шарасын қолдануға заңмен белгіленген құзыретті тұлғаларға мыналар жатады: анықтаушы, тергеуші, прокурор, сот (судья).

Бұлтартпау шарасын қолдану қажет екендігі жөніндегі және бұлтартпау шарасының қандайын қолдану жөніндегі мәселені шешерде анықтама жүргізуші адам, тергеуші, прокурор, сот Кодекстің 139 бабында көрсетілген мән-жайлардың үстіне, сонымен қатар, тағылған айыптың ауырлығын, айыпталушының жеке басы, жас мөлшері, денсаулық жағдайы, отбасы жағдайы, немен шұғылданатындығы, мүліктік жай-күйі, тұрақты тұратын жерінің бар-жоғы және басқа да мән-жайлары ескерілуге тиіс. Процессуалдық әдебиеттерде бұлтартпауды таңдауда тұжырымдардың бәрін қарағанда айыпкердің жеке басын, шұғылданатын кәсібін, жұмысын, семьялық жағдайын және тағы басқа бұлтартпау шарасын қолданбауға негіз болмайтын жағдайларды ескеру керек дейді.

Бұлтартпау шарасын қолдану туралы дәлелденген қаулы немесе ұйғару шығарылады, мұнда айыпкердің фамилиясы, өзінің, әкесінің аты, туған жылы, туған жері, айыптың мәнісі, қылмыс заңының айыпкерге айып таққан бабы, қолданылған бұлтартпау шарасының түрі және ол шараны қолдануының негіздері көрсетіледі.

Бұлтартпау шараларын қолдануды процессуалдық негіздері туралы мәселе үлкен тәжірибелік мәнге ие, себебі басқа процессуалдық мәжбүрлеу шараларымен салыстырғанда бұлтартпау шаралары адамның құқығы мен бостандығына тікелей байланысты. Бұлтартпау шараларын негізсіз қолдану азаматтардың бостандықтарын тікелей немесе жанама заңсыз шектеумен байланысты заңдылықты дөрекі бұзу болып табылады. Бұлтартпау шараларын заңда көрсетілмеген мақсаттарда қолдануға жол берілмейді. Бұлтартпау шараларын қолданудың негізі дәлелдемелердің жиынтығы болып табылады. Олардың біреуі айыпталушының (сезіктінің) қылмыс жасауын, ал басқалары оның тиісті емес іс-

әрекетінің мүмкіндігінің дәрежесін куәландыратын мән-жайларды қалыптастырады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ.
2. Коврига З.Ф. «Уголовно-процессуальная ответственность», Воронеж, 1984г.- 191 с.
3. Ахпанов Д.М. «Проблемы уголовно-процессуального принуждения в стадии предварительного расследования», Алматы, 1997 г. - 300 с.

### **ЖАЗАСЫН ӨТЕУШІ АНАЛАР МЕН БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕРІ**

Өзбеков Д.Ө., з.ғ.қ., Қылмыстық құқық, процесс және криминалистика  
кафедрасының профессор ассистенті

Жаппар Е.С.Қарағанды облысы прокуратурасының Аппарат басшысы

Нуридинова С.О., СПД-23-3к тобы, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

Мақалада Қазақстан Республикасындағы әйелдер қылмыстылығының тіркелген ресми статистикалық деректері, әйелдер қылмысының таралу себептері мен үрдістерін сипаттау негізінде қарастырылып, аталған контингентке қатысты түзету әсеріне қол жеткізу мәселесі талданады. Мақаланың негізгі идеясы – қылмыс жасауға себеп болған сотталған әйелдің теріс тұлғалық қасиеттерін түзету ықпалының басты нысаны ретінде айқындау қажеттілігі. Зерттеу нәтижесінде автор қазақстандық пенитенциарлық тәжірибеге әйелдерді түзеудің түбегейлі жаңа тәсілдерін енгізудің қажеттілігі туралы қорытындыға келеді.

Мақалада Қазақстандағы әйелдерге арналған түзеу мекемелеріндегі жазаны орындаудың ерекшеліктері қарастырылады. Бүгінгі таңда елде Алматы, Шымкент, Атырау, Қарағанды, Петропавл және Абай облысында орналасқан 6 әйелдер колониясы жұмыс істейді, онда 2 мыңнан астам әйел жазасын өтеп жатыр.

Зерттеуде әйелдердің басым бөлігі ҚК-нің 190-бабы (алаяқтық), сондай-ақ экономикалық қылмыстар, есірткі қылмыстары, ұрлық және адам өлтіру үшін сотталғаны атап өтіледі. Арнайы назар жүкті әйелдер мен аналарға аударылған. Авторлар сотталған әйелдер босануды түрме ішінде емес, жақын жердегі перзентханаларда өткеретініне, ал босанғаннан кейін балалардың 3 жасқа дейін анасының қасында бола алатынына тоқталады. Одан әрі олар туыстарына беріледі немесе балалар үйіне орналастырылады [1; 3].

Мақалада әйелдердің жазаны өтеу жағдайларының моральдық-психологиялық ауыртпалығы, ана мен баланың құқықтарының шектелуі, қазақстандық қылмыстық-атқару жүйесінің гуманизацияға мұқтаж екендігі ашып көрсетілген. Адвокаттар мен бұрынғы сотталғандардың пікірлері негізінде жүкті әйелдер мен балалы аналарға қатысты жаза түрлерін баламалы шараларға ауыстыру қажеттілігі негізделген.

Қазақстандағы әйелдер қылмыстылығы соңғы жылдары тұрақты түрде зерттеліп келеді. Әйелдердің қылмыс жасау деңгейі ерлермен салыстырғанда едәуір төмен болғанымен, олардың жасаған әрекеттерінің әлеуметтік қауіптілігі жоғары болып отыр. Әйелдер арасында ауыр және аса ауыр қылмыстардың үлесі өсіп келе жатқаны статистикалық деректерден байқалады. Мәселен, 2021 жылы Қылмыстық кодекстің 99-бабы бойынша тіркелген қылмыстардың 11,6%-ын әйелдер жасаған. Бұл – әрбір оныншы кісі өлтіру дерегі әйелдер тарапынан жасалғанын білдіреді.

Әйелдердің қылмысқа бару себептері көбіне тұрмыстық келіспеушіліктерге, әлеуметтік-